

## **«ОнлайнКазФинанс» микроқаржы ұйымы» ЖШС сайты мен мобильді қолданбасын пайдаланудың құпиялылығы туралы ереже.**

Құпиялық туралы осы ереже (бұдан әрі – Ереже) [www.solva.kz](http://www.solva.kz) сайтына және «ОнлайнКазФинанс» микроқаржы ұйымы» ЖШС Solva мобильді қолданбасына (бұдан әрі – Сайт) қолданылады және «ОнлайнКазФинанс» микроқаржы ұйымы» ЖШС және/немесе оның үлестес тұлғалары (бұдан әрі – Серіктестік) жүктеу, тіркелу және Сайтты пайдалану кезінде, сондай-ақ ол Серіктестіктің қызметтерін пайдаланған немесе пайдалануға тырысқан кезде Пайдаланушы туралы алатын және/немесе алуы мүмкін Пайдаланушының дербес деректерін<sup>1</sup> қоса алғанда, барлық ақпаратқа қатысты әрекет етеді.

Серіктестіктің Сайтын және/немесе қызметтерін пайдалану Пайдаланушының осы Ереженің шарттарымен келісетінін және Пайдаланушыны сәйкестендіруге/аутентификациялауға/авторизациялауға, сондай-ақ Пайдаланушы мен Серіктестік арасында жасалған (жасалуы мүмкін) кез келген мәмілелерді/операцияларды жасауға және/немесе орындауға және/немесе оларға техникалық қызмет көрсетуге қатысы бар және/немесе қатысы болуы мүмкін Серіктестікке және үшінші тұлғаларға Пайдаланушының дербес деректерін қағаз тасығыштарда да, электрондық форматта да, Серіктестіктің/дерекқор операторларының/үшінші тұлғалардың деректер массивтерінде және/немесе дерекқорларында жинауға және өңдеуге өзінің сөзсіз келісімін беретінін білдіреді. Осы шарттармен келіспеген жағдайда Пайдаланушы Серіктестіктің Сайтын және/немесе қызметтерін пайдаланудан бас тартуы тиіс.

Серіктестік кез келген уақытта осы Ереженің бөліктерін біржақты тәртіпте өзгертуге, қосуға және/немесе жоюға құқылы. Ережеге енгізілген барлық өзгерістер Сайтта орналастырылған сәттен бастап дереу күшіне енеді.

**Серіктестік алатын және өңдейтін Пайдаланушылардың дербес ақпараты (оның ішінде Пайдаланушының дербес деректері<sup>2</sup>).**

1. Осы Ережеге және Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес Серіктестік келесі құпия деректерді, оның ішінде «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» 21.05.2013 жылғы №94-V Қазақстан Республикасының Заңындағы анықтамасына сәйкес дербес деректерді, оның ішінде биометриялық деректерді (жеке тұлғаның физикалық, физиологиялық немесе мінез-құлық сипаттамаларына қатысты ерекше техникалық өңдеу нәтижесінде туындайтын дербес деректерді, аталған жеке тұлғаны бірегей сәйкестендіруді көздейтін немесе растайтын, мысалы, жеке тұлғаның бейнесін) жинайды, өңдейді және сақтайды:

- Сайтта жүктеу, пайдалану, тіркеу және сауалнаманы толтыру, сондай-ақ тиісті сәйкестендіруге/аутентификациялау/авторизациялау үшін қажетті мәліметтер: тегі, аты, әкесінің аты; азаматтығы; жеке басын куәландыратын құжаттың деректері; жеке

<sup>1</sup> Серіктестіктің Сайтын пайдаланатын және/немесе қызметтерін алатын жеке немесе заңды тұлға.

<sup>2</sup> Дербес деректер – электрондық, қағаз және/немесе өзге материалдық тасығышта тіркелген, Пайдаланушыға қатысты кез келген мәліметтер.

сәйкестендіру нөмірі; туған күні және туу туралы деректер; жынысы; фото/видео; қолы (өз қолымен және электрондық-цифрлық); биометриялық деректер; мөрлер, факсимилелер, алгоритмдер, кодтар (цифрлық, әріптік, символдарды қолдана отырып және құрамдастырылған), сәйкестендіру/аутентификациялау/авторизациялау үшін пайдаланылатын сәйкестендіргіштер немесе сәйкестендіру кодтары және өзге де деректер;

- отбасы/әлеуметтік жағдайы туралы мәліметтер: неке қию туралы куәліктің деректері, жұбайының (зайыбының) тегі, аты, әкесінің аты, жұбайының (зайыбының) жеке басын куәландыратын құжаттың деректері; асырауындағылардың және/немесе отбасының өзге мүшелерінің болуы/болмауы; отбасының өзге мүшелерінің, асырауындағылардың туыстық дәрежесі, тегі, аты, әкесінің аты және туған күні; Пайдаланушы ресми өкілі және/немесе қамқоршысы болып табылатын жеке тұлғалардың тізімі; пайдаланушы заңды түрде иеленетін және Серіктестікке өз еркімен берген басқа мәліметтер;

- әрекет қабілеттілігін және денсаулық жағдайын растау үшін қажетті мәліметтер (оның ішінде ресми мемлекеттік органдар мен ұйымдардан алынуы мүмкін мәліметтер және т.б.);

– байланысты қолдау, сондай-ақ сәйкестендіру/аутентификациялау/авторизациялау үшін қажетті мәліметтер: тіркелген жері, нақты орналасқан (болатын) жері, жұмыс орны және лауазымы; телефон нөмірі (үй, жұмыс, ұялы, ID – телефон нөмірлерінің шифрланған сәйкестендіргіші), электрондық пошта мекенжайы; мекенжай анықтамасындағы ақпарат және т.б.;

- білімі, кәсіби қызметі туралы мәліметтер: білімі, кәсібі, лауазымы; жеке кәсіпкерді мемлекеттік тіркеу туралы деректер; соттылығының болуы/болмауы, қылмыстық/әкімшілік жауапкершілікке тартылуы туралы ақпарат;

- Сайт арқылы қашықтықтан қызмет көрсетуді қоса алғанда, қызметтер көрсетудің тиісті сапасы және оны жақсарту, ұсынылатын қызметтерді дербестендіру үшін қажетті мәліметтер: көрсетілген қызметтердің тарихы және мінез-құлық паттерндері, пайдаланылатын құрылғы және құрылғыдағы датчиктер туралы деректер, айналадағы объектілер туралы мәліметтер (мысалы, Wi-Fi кіру нүктелері, ұялы байланыс антенналары және Bluetooth модулі қосылған құрылғылар), метадеректер, cookie-файл деректері, cookie-сәйкестендіргіштер, пиксель тегтері, IP-мекенжайлар, браузер мен операциялық жүйе туралы мәліметтер және т.б.;

2. Серіктестік Пайдаланушылар беретін дербес ақпараттың дұрыстығын тексеру құқығын өзіне қалдырады. Жалған ақпарат берудің салдары микрокредит беру туралы шартта айқындалған.

### **Пайдаланушының дербес деректерін жинау және өңдеу мақсаттары, шарттары.**

1. Серіктестік келесі мақсаттардың әрқайсысы үшін дербес деректерді жинайды, өңдейді және сақтайды (қоса алғанда, бірақ онымен шектелмей) (Серіктестік пен Пайдаланушы арасында тиісті қатынастар туындаған жағдайда):

- Пайдаланушының Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Серіктестік көрсетуі мүмкін микрокредиттік және (немесе) өзге де қызметтерді алуға арналған өтінімін қарау үшін;

- Пайдаланушыға микрокредит беру бойынша қызметтерді және (немесе) Серіктестікке қашықтықтан қызмет көрсету арналары арқылы Қазақстан Республикасының

заңнамасында көзделген өзге де қызметтерді, оның ішінде мобильді сервисті/Серіктестік сайты/қолданбаны ұсыну үшін;

- алаяқтық және (немесе) күдікті операцияларды анықтау және олардың алдын алу үшін;
- Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес рұқсат етілмеген операциялар тәуекелдерін азайту мақсатында Серіктестіктің Пайдаланушыны сәйкестендіру бойынша міндеттерін орындауы үшін;
- ақпарат алмасу үшін, оның ішінде клиенттік өтініштерді, шағымдарды, ұсыныстарды, ұсынымдарды, наразылықтарды, тапсырмаларды және т.б. (және/немесе үшінші тұлғалардың) қарау және (немесе) жауап беру, курьер, курьерлік қызмет, экспресс пошта және т.б. қызметтері арқылы жөнелту (жеткізу)/алу үшін хат-хабарды (поштаны) Пайдаланушының мекенжайына беру (алу) үшін;
- маркетингтік мақсаттар үшін, Пайдаланушыға кез келген, оның ішінде Серіктестіктің өнімдері және (немесе) қызметтері туралы ақпараттық материалдарды, сондай-ақ телефон және өзге де байланыс түрлері арқылы, сондай-ақ ашық байланыс арналары (оның ішінде SMS, e-mail, факс және т.б.) арқылы өзге де хабарламаларды ұсыну (жіберу) үшін;
- маркетингтік және жарнамалық науқандарды әзірлеу, Пайдаланушының Серіктестікпен тарихын ескере отырып, Пайдаланушыға одан әрі қызмет көрсету үшін;
- Серіктестік жұмыскерлерінің немесе уәкілетті тұлғалардың ішкі тексерулер мен тергеулер жүргізу мақсаттары үшін;
- Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген (белгіленуі мүмкін) басқа мақсаттар үшін;

2. Пайдаланушы осы Ереженің шарттарымен келісе отырып, мыналарды растайды:

- дербес деректерді жинауға және өңдеуге берілген осы келісім, егер бұл Қазақстан Республикасының заңдарына қайшы келетін жағдайларда не Серіктестік алдында орындалмаған міндеттеме болған кезде кері қайтарып алынуға жатпайды;
- Серіктестік сәйкестендіру және аутентификациялау мақсатында, сондай-ақ кредиттік рейтингті бағалау мақсатында «Кселл» АҚ-дан, «КаР-Тел» ЖШС-дан, «Мобайл Телеком-Сервис» ЖШС-дан және басқа да ұялы байланыс операторларынан Пайдаланушының дербес деректерін алуға құқылы;
- Серіктестік Пайдаланушыдан және кез келген үшінші тұлғалардан алынған дербес деректерді жинауға (алуға) және өңдеуге, сондай-ақ Пайдаланушының дербес деректерін үшінші тұлғаларға беруге (трансшекаралық беруді қоса алғанда)/Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының талаптарын ескере отырып, дербес деректерді жалпыға қолжетімді дереккөздерде таратуға құқылы;
- Серіктестік Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Пайдаланушының дербес деректерімен кез келген әрекетті (операцияны) немесе осындай әрекеттердің (операциялардың) жиынтығын, оның ішінде жинауды, өңдеуді, жазуды, көшіруді, резервтік көшіруді, қорғауды, скринингті, жүйелеуді, жинақтауды, Серіктестік

ішінде және одан тыс жерлерде сақтауды (қауіпсіздік және құпиялылық талаптарын сақтай отырып), нақтылауды (өзгертуді, жаңартуды), алуды, пайдалануды, беруді (таратуды, қолжетімділік беруді, соның ішінде трансшекаралық беруді қоса алғанда Пайдаланушының дербес деректерін өңдеу құқығымен үшінші тұлғаларға беруді), иесіздендіруді, бұғаттауды, жоюды, құртуды, оның ішінде егер бұл Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына қайшы келмесе, Серіктестіктің тапсырмасы бойынша үшінші тұлғаның осы әрекеттерді жүзеге асыруын қоса алғанда, автоматтандыру құралдарын пайдаланып немесе оларды пайдаланбай жүзеге асыруға құқылы;

- Пайдаланушы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметтер көрсету үшін Серіктестікке қажетті дербес деректерін беруден бас тартқан жағдайда, Серіктестік Пайдаланушыға іскерлік қатынастар орнатудан және қызметтер көрсетуден бас тартуға мәжбүр болады;

- Дербес деректерді өңдеу қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы заңнамаға сәйкес жүзеге асырылған жағдайда, Пайдаланушының оның дербес деректеріне қол жеткізуі үшінші тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін бұзған жағдайда, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де жағдайларда Серіктестік Пайдаланушының дербес деректеріне қол жеткізуді шектеуге құқылы;

- Серіктестік Пайдаланушының дербес деректерін жинау және өңдеу бойынша Серіктестік жасайтын әрекеттер туралы біреуге хабарлауға міндетті емес.

### **Пайдаланушының дербес деректерін қорғау**

1. Серіктестік Пайдаланушының дербес деректерін қорғау үшін қажетті техникалық және ұйымдастырушылық шараларды қабылдайды. Бұл шаралар ақпаратқа заңсыз немесе кездейсоқ қол жеткізудің, сондай-ақ оны жоюдың, өзгертудің, көшірудің, таратудың және/немесе қаскүнемдердің басқа да заңсыз әрекеттерінің алдын алу жөніндегі шараларды қамтиды.

2. Пайдаланушы Серіктестіктен Пайдаланушы Серіктестікке берген оның дербес деректеріне Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен оларды дұрыстауға, түзетуге, бұғаттауға, өңдеуді шектеуге қолжетімділік беруді талап етуге құқылы.

### **Кері байланыс**

1. Ережеге қатысты қандай да бір сұрақтар туындаған жағдайда, Пайдаланушылар [Бізбен байланыса](#) алады.

2. Пайдаланушы жарнамалық сипаттағы таратулардан былайша бас тартуға құқылы:

– оның электрондық пошта мекенжайына жіберілген хаттағы арнайы сілтемені басу арқылы; немесе

– [support@solva.kz](mailto:support@solva.kz) электрондық поштасына хабарлама жіберу арқылы; немесе

– +7 701 006 35 35 телефон нөміріне қоңырау шалу арқылы.